

5-сынып. Олимпиадаға дайындық курсы
21-сабақ
Тақырып: Сандардың бөлінгіштігі және еселік
Сынып жұмысы

1. 78^* саны 2-ге бөлінуі үшін, $*$ орнына цифрлар қойыңыз
2. $\overline{4a8b}$ саны 3-ке бөлінетіндей ең кіші сан. $a + b$ мәні нешеге тең?
3. $\overline{9a48b}$ бес таңбалы саны 6-ға бөлінетіндей ең үлкен сан. $a + b$ мәні нешеге тең?
4. 57^*6 түріндегі 4-ке бөлінетін неше сан бар?
5. $\overline{a47b}$ саны 15-ке бөлінетіндей ең кіші сан. a -ның мәні нешеге тең?
6. 3^*4^*81 алты таңбалы саны 9-ға бөлінеді. Осындай неше сан бар?
7. 87^*421^* жеті таңбалы саны 45-ке бөлінетіндей неше сан бар?
8. 597234 алты таңбалы саны 11-ге бөліне ме?
9. 87^*421^* жеті таңбалы саны 22-ге бөлінетіндей неше сан бар?
10. 6-ға еселік неше екі таңбалы сан бар?
11. 8-ге еселік неше үш таңбалы сан бар?
12. Адымдары сәйкесінше 20 см, 30 см және 40 см болатын Арман, Асель және Асхат бір уақытта жүрісін бастады. Неше метрден соң олар қадамды бірдей басады? Әрқайсысы неше қадамнан жасайды?
13. Бала бақшада 4 топ бар. Бірінші топта 10 бала, екіншісінде 12 бал, үшіншісінде 15 бала, төртіншісінде 20 бала бар. Балабақша директоры осы топтың біріндегі балаларға бірнеше кәмпит алып келеді. Бірақ директор қай топқа кіретінін білмейді. Ол қай топқа кірсе де барлық балаларға бірдей бөліп беруі керек. Директор кемінде неше кәмпит алып келеді?
14. Шахмат тақтасына суреттегідей етіп 4 фишка қойылған. Әр қадамда әрбір фишканы сағат тілімен бағыттас көрші ұяшыққа көшіреді. Кемінде неше қадамнан соң барлық фишуалар дәл осы қалыпқа қайта келеді?

